Әрине, ойын өнер ретінде әдебиет пен мәдениеттің сан алуан түрлерімен қабысып, астасып келіп, бірін-бірі толықтырып, байыта түсетіні белгілі. Халық ойындарды біріншіден, дене тәрбиесін, яғни шапшаңдықты, жылдамдықты, ептілікті, ерлікті, өжеттікті, батылдықты, тапқырлықты, табандылықты, байсалдылықты, күш-қуат молдылығын, білек күшін, дененің сомданып шынығуын және де жаңадан, одан алдын енді ғана дүниеге келген баланы үлкен болып ер жетем дегенше жан тәрбиесін, дүниетанымын, этика, эстетикаға үйретуге пайдаланды. Сонымен бірге бұл ойындар әділдік пен адамгершіліктің жоғарғы принциптеріне негізделген. Өйткені, ойынға қатыспай тұрып-ақ оған күн ілгері көп адамдардың тер төгіп, еңбек етуіне тура келеді. Мысалы, бір ойынды алып қарайық. Бәйге. Ол үшін алдымен бәйгеге қосылатын атты таңдап алады. Ол атты баптап бағып, күтуге тура келеді, оның жейтін жемі мен ішетін суына дейін белгілі мөлшерге келтіріледі. Атты белгіленген уақытта күн сайын желгізіп, шапқызып, терін алады. Бәйгеге қосылатын атқа мініп шабатын бала күн ілгері осы сынақтарға қатысады (атқа ауыр болмас үшін оған мініп шабатын баланың жасы 11-12-ден аспауы керек). Баланың кішкентай кезінен бастап дене тәрбиесіне, сонымен жан-жануарлармен қарым-қатынас жасауы осымен байланысты. Ал зерттеушілердің пікірі бойынша, жастайынан жануар, түрлі өсімдіктермен, жалпы табиғатпен қатынасы бар бала тәрбиелі, мейірімді келетіні бізге мәлім. Бала жастайынан осы өнердің сырларын жете біліп, үлкен шаруашылық мектебінен өткендей әсер алады.

Ұлт ойындары біздің көз алдымызға дәл осылай суреттерді елестетеді. Өйткені бір кезде ол да бір тәрбиенің, өнердің басы, нәр алатын бастауы болғаны анық. Сөйтіп, бүгінгі және болашақ ұрпақ ұлт ойындарының өзі адам еңбегінің жемісі, халықтың қияли ой құбылысының көрінісі, дүниені танып, білуге талпынысының нышаны ретінде өмірге келгенін, оның бар өнердің бастамасы, халықтың әлеуметтік-экономикалық өмірінің айнасы екенін білуге тиіс [3, 16-17].

«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе дүниедегі жақсы-жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады», - дейді ғұлама, данышпан Абай. Қарап отырсақ, Абай Құнанбаевтың жазып қалдырған ойы біздің жоғарыда айтқан пікірімізді растап тұрған секілді дейді зерттеуші ғалым Е Сағындықов [3, 4-6].

Мұндай пікірлерді Б.Ө.Төтенай да өз еңбектерінде айтқан болатын. Кеңес дәуірінің тұсында қазақ халқының ұлттық ойындарын жинақтап, жарыққа шығарған зерттеуші Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін де қажымай жұмыс істеуге бет бұрды. Бұған дәлел – 1994 жылғы жарық көрген еңбегі. Бұнда қазақ халқының ұлттық ойындары, ойын ережелері жан-жақты сөз болған. Кіріспесінде алғысөз ретінде Наурыз мерекесінде ойналатын

ойындар, олардың түрлері, бір-бірінен өзгешелігі туралы айтылған. Бұл мереке жыл сайын наурыздың 22 жұлдызында өткізіліп отырған. Мұның себебі, қазақ халқы үшін бұл күн жаңа жылдың бірінші жұлдызы деп есептелген. Тағы бір себеп, ата-бабаларымыздың түсінігінше, бұл күнде күн мен түн теңеседі. Әрине, наурыздың жиырма екісінде көшпелі халық қыстағы қиыншылықтардан өтіп, бірі малынан айырылса, бірі көбейтіп алған. Сол малынан айырылған адамның туыстары өз ішінен кеңесіп, жәрдем берген. Мұндай кез бүкіл халық үшін қуанышты уақыт болған. Осындай істерді мейірімділік, жанашырлық деп тануымызға әбден болады.

Қақаған қыстың аязынан аман-сау қалған қазақ халқы күлімсіреген көктемге жеткен кезде бір-бірін көргеніне қуанып, тойлатып, ас беріп, қазандарын көтерген. Халық осы ойын-сауықта өздерінің өнерлерін ортаға салып, жаңа жылды жаңа табыспен қарсы алуына ниет білдірген.

Ұлыс күні кәрі-жас,  
 Құшақтасып көріскен  
 Жаңа ағытқан қозыдай,  
 Шалдар бата беріскен.  
 «Сақтай көр деп, терістен»,  
 Кел таза бақ, кел десіп,  
 Ием тілек бер десіп... –

деп бір-біріне жақсы, жағымды сөздер айтқан. Өзімізге мәлім, қазақ халқының байлық көзі мал болған. Соған байланысты қазақта «Мал-жаның аман ба?» деп жағдай сұрасу қазіргі күнге дейін сақталған. Қазақтың ұлттық ойындарының көбісі малмен байланысты болған. Мысалы: түйе-түйе, аларман (қойға қасқыр шапты), асаукөк, бурақотан, көк сиыр, соқыр-теке, түйе мен бота және т.б. [2].

«Соқыр текенің» тікелей аудармасы соқыр ешкі дегенді білдіреді. Соқыр теке ойыны мынадай. Балалар жиналып, бәрі бірдей аяқтарын жерге созып, қатарласып, отырады, оның үстіне әрбір бала өзінің аяғын ысқылай бастайды, сөйтіп, бәрі бір дауыспен: «уқала, уқала», яғни «ысқылаңдар, ысқылаңдар!» деп қайталай береді. Содан соң бәрі аяқтарымен ұшып түрегеледі, ұшып түрегелгенде кімнің тізе тамырлары сықырласа, соның көзін байлайды да, қалған балалар шашырай әр жаққа қашады. Көзі таңылған бала жүгіріп жүргендерді қуып, ұстап алуға тырысады; мұның сәті түскен кезде, ол ұстап алған баланың атын атауға міндетті, егер тапса, ұсталған бала «соқыр текеге» айналуға міндетті; ол баланың да көзін байлайды, ол алғашқы баланың істегенін қайталап шығады. Бұл ойын негізінде жас балалардың арасында ойналады.

Қазақ тұрмысында бір жастан жеті жасқа дейінгі кішкентайларды нәресте, жетіден он беске дейінгі жасты бозбала, ақыр соңында он бестен отыз жасқа дейінгі жас адамдарды жігіт деп атау қалыптасқан. Балалардың ойындары мен бозбалалардың көңіл көтерулерінде, әрине, шұғыл

айырмашылық бар. «Нәресте» жасындағы балалар арасында ойналатын ойындардың тағы бірі – түйе-түйе. Бұл түйе болып ойнайтын ойын. Бұл ойын былай болады. Балалар екі топқа бөлінеді, оның үстіне, бөлінген кезде балалардың шағын тобы бір жағында қалады. Осы соңғы топ басшысы аналық болатын түйелерді бейнелейді. Белгіленген сәтте бірінші топтың балалары бірін-бірі қуалай жүгіріп, түйелерді бейнелеп тұрған топты бұзады да, бір баланы ұстап алып: «Ботаны ұстап алдық», - деп қайталай береді. Осылайша жүгіру аналық түйеде тек бір бота қалғанша қайталана береді [4].

Осыдан соң балаларынан айырылған ене түйе қайғыға батып, көз жасын көлдете Жаратқанға жалбарынып, намаз оқиды. Осы кезді пайдаланып, балақайлар шешесінің соңғы ботасын да ұрлап кетеді. Намаз аяқталған соң аналық түйе өз ботасының жоқ екенін байқаған соң боздап, пенберді айналып жүгіре бастайды, ол жерде екінші топ оны да ұстап алады. Бұдан соң бүкіл балалар бір шоғыр болып қосылады. Осы кезде оларға ойынға қатысушылардың бірі – қолына қу шыбықтар ұстаған бала келіп, ойнаушының әрқайсысының қасынан өте келе одан не керек екенін сұрайды. Әрбір бала сұрақ қоюшыға өз талабын айтады. Біреуі мылтық, енді біреуі шапан, тағы біреуі – таяқ, тағы біреуі – етік, бір сөзбен айтқанда, ойына не келсе, соны сұрайды. Сөйтіп, әлгі бала әркімнің талабын қанағаттандырып, әрқайсысына қу шыбықтан беріп: «Міне, саған мылтық, міне шапан, етік», - дегендей және басқаларын айтып, қайталай береді. Осымен түйе болып ойнау аяқталады.

Жоғарыда келтірілген ойындар қазақ халқында балалар жастайынан достыққа, бейбітшілікке, бауырмашылыққа жақын болғанын көрсетеді. Керек десеңіз, мұндай ойындарды қазақ балалары жер-жерді аралап, көршілес орналасқан ауылдардың балаларымен ойнаған. Қазіргі таңда мұндай жағдайды кездестіруіміз қиынға соғады. Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе. Зерттеуші, тарихшы, этнограф, педагог В.И.Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды», - дейді. Демек, баланың ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы бани түседі.

Сонымен қатар, ұлттық ойын түрлерін қазіргі дене шынықтыру пәнімен, спорт саласымен байланысын қарастырған ғылыми еңбектер қатарына Есмағанбетовтың «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» (1995) атты кітабын айтуға болады. Ойын - бір жағы, дене қозғалысы, шыныққан денесінің шеберлігі, бір жағы: көңіл көтеру, дем алу, бір жағы бас қосып бірлесіп, әдет-ғұрыпты жалғастыруға үндесу. Шаруашылықтан бос кезде той-думан мен ойын-сауықтар жиі атқарылады.

Той-думан, ойын-сауық адамды, ел-жұртты тұтастыққа, бірлікке тартады. Ойын-сауықта адам табиғатпен, табысты тынысын кеңйте алады, ұнатқандарымен жақындасады. Табиғи көркемдікке қызығу, оны тамашалау

көшпенділердің жас кезінен қанынан сіңірген қасиет. Ойын - ұрпақтар өмірін үйлестірудің дәстүрлі ән-бимен өрнектелген сауық түрі. Ұлттық ойындар жасөспірімдердің ой қабілетін, өмірге деген көзқарасын дұрыс қалыптастырады. Олар үшін ойын - баланың жан-тәнін қоздыратын тартымды қозғалыс, дене мен ойды қатар жаттықтыратын тартылыс, жеңістің дәмін татқызатын жеңімпаздардың мәртебесін көтеретін кеңістік пен қолдау тоғысы [5].

Қазақтың ұлттық ойын сауығы достық пен қонақжайлылықтың белгісі және көптің басын біріктірудің кепілдігі, сүйкімді әнші мен әңгімешілерге мұқтаждықтың айғағы. Ойын сауықта жалғыздық сезім, арам ниет билей алмады, ойыншы үнемі ізденісте болады. Ондағы құдірет өнерпаздық, түсіністік және келісімге жол табу. Адамзат қашанда болмасын осы үш құдіретке тәнті болған, сол құндылыққа жетудің мүмкіндігін арнайы және үнемі іздестірумен әуреленген [6].

Сонымен, қорытындылай келе, қазақ халқының ұлттық ойындарының шығу тегі терең тамыр жайғанын аңғардық. Ерте кезде пайда болған ойындардың құрылысы, ережесі қазіргіге ұқсас болмағанымен, бұрынғы болмысын сақтап қалған. Басқа халықтармен салыстырғанда ерекшелік белгілерінің бірі болып табылатын ұлт ойындарының тұрмыс-тіршілікте, салт-дәстүрде, тәрбиеде, бейбіт өмірде, жаугершілік соғыстарда тиетін пайдасы көп болды.

Ұлт ойындарын патшалық Ресей кезінен бастап зерттеу етек алды. Дегенмен де жүйелі түрде салт-дәстүріміздің, той-думанның бір бөлшегі етіп қарастыру Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін басталды. 1990-шы жылдарда бұл мәселені зерттеу жоғарғы дәрежеде жүрді деп айтуымызға әбден болады. Жоғарыда жазылған пікірлер бұл сөздеге айғақ бола алады деген ойдамын.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мурад Аджи. Европа, тюрки, Великая степь. – Москва. 2006.
2. Тетенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Қайнар. 1994.
3. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Рауан. 1991.
4. Шаханов Н. Ж. Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). – Алматы. 1998.
5. Есмағанбетов. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. – Алматы. 1995.
6. Садықов Ж. Казахские национальные игры: [Кокпар (козлодранье), Аударыспақ (борьба всадников), Алтыбақан (качели)] //Звезда Прииртышья. 1994. -24 мая.

#### REZUME

S.M.NARYMBETOV (Almaty)

#### STUDIES OF THE KAZAKH NATIONAL GAMES AFTER INDEPENDENCE

The author examines research about the history of the Kazakh national games after independence, its place in the historical society, national traditional games, his need for educating the younger generation.



С.ЖОЛДАСБАЕВ

XIV-XV ҒҒ. ТҰМАН ТАЙПАЛАРЫ ҚАЗҒАН «ТҰМАН» АРЫҚ

*Статья посвящена истории орошения средневекового городища Сыганак. Анализ имеющихся в источниках мнений позволил автору установить исконное название некоторых арыков. Выяснилось, что название «Тюменарык», оказывается было не Тюмень и не тумень, и не темен (на казахском языке). Его первоначальное название было «Туманарык», т.к. в те времена, примерно в XIV-XV вв, вокруг городища Сыганак жило племя «Туманць», которые копали арык. Поэтому этот арык и получил свое название «Туман арык». Русские исследователи называли его «тюмень», а местные казахи «темен» арыком.*

*Bu makalede, Sıganak şehrinin tarihi üzerinde durulmuş ve Tömenarık adının “tümen”, “tömen” değil, “Tumanank” olduğu ileri sürülmüştür. Çünkü XIV-XV yüzyıllarda Sıganak şehri etrafında “Tuman” kabilesinin yaşadığı ve bundan dolayı Tumanlar tarafından kazılan kanalın “Tumanank” adını aldığı konusunda bilgi verilmiştir.*

Қазақ жеріндегі Оңтүстік Қазақстандағы орта ғасырлық қалалардың суландыру жүйесін зерттеу мәселесі – археологтардың күн тәртібіндегі басты проблемасының бірі. Бұл мәселе Кеңес дәуірінің яғни XX ғасырдың 70-жылдарында қолға алынған еді. Ол Отырар қаласына археологиялық зерттеу жұмыстарының басталуына байланысты Оңтүстік Қазақстан комплекстік археологиялық экспедициясының құрылуы (ОҚҚАЭ) оның құрамында «Отырар қаласын суландыру жүйесін» тексеру бөлімі құрылым, қаланың сумен қалай қамтамасыз етілуі және оның аумағында егін шаруашылығының қандай дәрежеде болғандығы тексерілген еді. Бұл жұмыс ойдағыдай аяқталып, бөлімнің жетекшісі болған В.А.Грошев өзінің жай ізденушілік жұмысынан бастап, докторлық диссертациялық жұмысына дейін жеткізіп, Отырардың суландыру жүйесін ғылыми монографияға дейін шығарған [1]. Міне, бұл жағдай ортағасырлық қалалардың суландыру жүйелерінің өз кезінде қандай маңызды рөлінің болғандығын көрсетіп отыр. Ал мұны тексеру бүгінгі күндегі өскелең талапқа да қажеттілігін көрсетуде.

Отырарға қазба жұмысының басталуын алғаш ғылыми жоба жасап оның ұзақ жылдарға бағдарламасын жасаған халқымыздың тұңғыш маман археологы, тарих ғылымдарының докторы К.А.Ақышев еді. Ол «Көне Отырар» кітабының кіріспесінде ортағасырлық қалаларды суландырудың барысында, жалпы халқымыздың Оңтүстік аймақ экономикасының, мәдениетінің дамуында Сырдарияның рөлінің қандай зор болғандығын, Ніл өзенінің Египеттегі рөлімен бірдей болғандығын атап өткен [2].

Ғалымның Сырдарияны Нілге теңеуі шын мәнінде оның біздің халқымыздың өсіп дамуына тигізген тарихи маңызының адам айтып жеткізгісіз орасан болғандығын көреміз. Енді егемендігін алған еліміз Сырдың суын өздерінің игілігіне ойдағыдай жаратады деп сенеміз. Бұлайым солай болса екен.

Сырдың суы орта ғасырға дейінгі оның жағалауында өмір сүрген арғы ата-бабаларымыз сақ, үйсін, қаңлы тайпаларының да өмір сүруіне нәрін

берген. Олар біртіндеп өркендеп орта ғасырлық дәрежеге көтеріліп, бүгінгі халқымыздың халық болып қалыптасуына зор әсерін тигізген. Біз сол ұзақ тарихи жолдардың қалай болғандығын біліп отырсақ, Сырдың суын қастерлеп оны жөнсіз ысырапқа ұшыратпай пайдаланамыз.

Сырдың суын оның екі жағасында орналасқан Отырар және оның серіктес қалалары Алтын төбе, Құйрық төбе, Пышақшы төбе, Ботай төбе, Оқсыз, Абыз төбе сияқты тағы басқа төбе болып қалған қалалар пайдаланса, оның орта және төменгі ағымындағы Сауран, Сығанақ, Женд, Баршынкенд т.б. көптеген қалаларда пайдаланған. Біздің алдымызға қойып отырған мақсатымыз Сығанақ қаласының суландыру жүйесінің қандай дәрежеде дамығандығына көңіл бөлу болып отыр. Өйткені орта ғасырлық қалалардың ішінде көрнекті қалалардың бірі Сығанақ қаласы болып табылады. Бұл қаланың атақты қалалардың бірі екендігін К.А.Ақышев та айтқан. Оның айтуы бойынша орта ғасырлық қалалардың ішінде № 1 қала Отырар болса, № 2 қала ол Сығанақ дей келіп, ендігі ұзақ жылдарға зерттеу жұмысын осы қалаға жүргізу керек деп жазады [3].

Қалаға 2003 жылдан бастап Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің жанынан құрылған Сығанақ археологиялық экспедициясы (САЭ) ғылыми-зерттеу жұмысын бастаған. Ол туралы баспасөз беттерінде ғылыми мақалаларда жарияланған [4]. Жұмыс жалғастырылуда.

Ал біз мақалада қаланың суландыру жүйесіне көңіл бөлуді қарастырып отырмыз. Бұл мәселеге көңіл бөліп отырсақ, әргүрлі пікірлер мен көзқарастар болған тәрізді. Сондықтан олардың дұрыс-бұрыстығына көз жеткізу үшін жазба деректермен салыстыра отырып оларды далалық зерттеуге дейін қарастыруды жөн көрдік.

Бірінші басты көңіл бөлетін мәселе Сығанақ қаласының «Төмен арықтан» алынған су арқылы суландырылғаны туралы XVI ғасырдың басындағы жазба деректердегі Мұхаммед Шайбани ханның хатшысы болған Фазлаллах ибн Рузбиханның жазуында кездеседі. Ол Сығанақ қаласының тұрған жерінің адам өмір сүруіне лайықтылығын және орта ғасырлық қалалардың ішінде терістік жаққа орналасқан Дешті Қышпақпен сауда байланысының күшті екендігін, қышпақтардың астанасы болғандығын айта келіп, қалаға және оның аймағындағы егістіктер Сейхуннан (Сырдария) тартылған каналдармен суландырылған (оросительные каналы ее обработанных полей все выведены из реки Сейхун) дейді [5]. Бірақ Рузбихан каналдың атын жазбаған, дегенмен сол кезде қаланың және оның аймағындағы егістік жерлер Сырдариядан тартылған каналмен суландырылған. Рузбихан каналдың атына мән бермеген.

Әрине, Рузбихан Сейхуннан тартылған арықтың Төмен арық екендігіне көңіл бөлмеген. Бірақ арықтың аты сол кезде белгілі болған, ол яғни «Төмен арық па» жоқ әлде «Тұман арық» болды ма сонда аталғандығына ешбір күмән болуы мүмкін емес. Шамамен сол кезде «Тұман»

арық аталған болу керек. Бұлай дейтін себебіміз, XIV ғасырда жазылған жазба деректерде бұл арықтың «Тұман арық» деп аталғаны туралы хабарды кездестіреміз [6].

Бұл хабарда Әмір Темір Сығанақ қаласының көрнекті ислам дінінің уағыздаушы өкілі Шейх Сирадж-ад-динға «Тұман арықтың» бойынан бір төбе (участок) жер беруге өкім шығарғаны айтылады.

Бұл Сығанақ қаласының сол мезгілде Әмір Темірдің қарамағында болғандығын байқатады. Сонымен қатар бұл кезде Әмір Темір өзіне опасыздық жасаған Тоқтамыс ханды қуғындап жүрген. Ол туралы тарихта жеткілікті жазылған.

Екіншіден «Тұман арық» деген сөзді XIX ғасырдың аяғына қалада болған Түркістан аймағының өлкетанушысы Е.Т.Смирнов өзінің «Сырдарияның орта және төменгі ағысындағы ескерткіштері» атты еңбегінде Сығанақ қаласының және оның аумағының Сырдариядан тартылған «Тюмень-арық» арқылы алынатын сумен суландырылғанын жазып қалдырған [7].

Смирновтың мақаласын пайдаланып 1899 жылы Перовск уезінің басшысы В.А.Каллаур Сығанақ қаласына біраз зерттеу жұмысын жүргізген. Ол өзінің ғылыми мақаласында Сығанақ қаласының және Асанас т.б. қалалардың топографиялық құрылысы жайлы мәліметтер жариялайды. Ғалымның басты істеген қызметі Сығанақтың жалшы көрініс сызбасын және қаланың шығыс қақпасының алдындығы 120 м жердегі мешіт пен сағананың құрылыс жүйесінің жобасын жасаған. Каллаур да Төмен арық туралы хабар береді.

Бірақ ол арықты Арыс өзенінен алған деп қателеседі. Арықты қазуға он мың адам қатынасқан сондықтан Тюмен (Тумен –С.Ж.) арық деп аталған дейді [8].

Түрікше әскери он мыңдық адамды басқару «тумен» деп аталған. Сондықтан орыс ғалымдары «Тумен» сөзіндегі «у» әрпін «ю»-мен шатастырып Тюмень деп жазып жүрген. Ал қазірге кезде қазақша «Төмен арық» болып аталып жүр.

Қаллаурдың бұл арықтың Арыс өзенінен тартылған деп айтуына өзінше аңқтама береді. Ол кезде Сырдарияның ескі арнасы «Ешкі өлмес» қамалының жанынан Қызыл-құм арқылы аққан дейді. Ол арна бүгінгі күні Өгіз жылғасы деп аталады. Ал ескі арнада көптеген төбе болып жатқан қалалар орналасқан дейді [8, 9]. Алайда ғалымдар мұны мақұл көрмейді. Бұл пікір археологиялық жағынан зерттеуді қажет етеді.

Енді бүгінгі «Төмен арық» деп аталып жүрген арықтың Әмір Темірдің «Тұман арықтан» берген жер үлесіне байланысты «Тұман» деген тайпаның түркі тайпалардың арасында болғандығы, олардың осы Сырдың орталық ағысында өмір сүргендіктері туралы пікірге тоқталып өтелік. Өйткені бұл арықты сол тұмаңдықтар қазып солардың атымен аталды ма деген ой туындайды. XV-XVIII ғғ. Қазақ хандығы жайлы жазба деректерде «тұман»

тайпасы туралы үш жерде кездеседі. Бірінші деректе «из группы туман» десе, екінші «из племени тубай туман» Дарвиш-бахадүр қазақтардың Шайбани ханға қарсы тұрушылар болған [6, 16-17]. Ал үшінші деректер «из племени людей туман Қылыш-бахадүр» Әбілхайыр ханға қарсы күрестегі тайпалардың қатарында жүрген [6, 97]. Деректерге қарағанда уақиға Сығанақ қаласының аумағында болған. Ал орта ғасыр тарихының білікті маманы Т.И.Сұлтановтың хабарына қарағанда Арал бойындағы тайпалардың ішінде Әбілхайыр ханның хан болып көтерілуіне жақтас болған 54 тайпаның тізімінің ішінде 42-ші болып «тубай-туман» болып тұрса, ал 43-ші тізімде «туман», ал 44-ші тізімде «туман-минг» болып жазылған [9].

Бұған қарағанда «туман» тайпасының үш рудан тұрғанын байқау қиын емес. Бұл тайпалардың барлығы Сығанақтың аймағында болған. «Шайбани хан» шежіресінде [6, 97], Әбілхайыр хан қаза болғаннан кейін тайпалардың ыдырап Қылыш-бахадүрдің қазақ хандығы жағына шыққандығын көрсетеді.

Келтіріліп отырған жазба деректерге қарағанда Төмен арық емес тұмандықтар қазған «тұман арығы» болуы әбден ықтимал.

Орыс деректерінде Сығанақ қаласының Сырдарияның бірде сол жағында тұрғандығы көрсетілсе, екінші бір деректе оң жағында екендігі жазылған. Мұның біріншісі XVI ғасырдың ортасында жазылған [10], ал екінші деректе қала Сырдың оң жағында тұрғандығын орыстың тұңғыш картографы 1701 жылы Сібірдің сызба кітабына кіргізген. Онда қаланың тұрған жері де көрсетілген [11]. Сондықтан да соңғы кезде қаланың Сырдың сол жағында тұрғандығын кейбір зерттеушілердің қуаттап жүруі шындыққа жанаспайды [12].

Сонымен қатар Әбдіқадыр Асқар «Төменарықтың» атының шығуына өзінше пікірін қосады. Ол бұл арықтың басқа арықтарға қарағанда арықтардың ішіндегі ең үлкені, ең тереңі демек ең төмені де осы арық болғанын тарихи жазбалар жоққа шығармайды, сондықтан бұл арықты қазіргідей «Төменарық» деп атау әбден орынды дейді. Жерімізде қанша жергілікті атаулардың адам танымастай болып өзгеріп кеткендерін қалпына келтіре алмай жүрміз. Сондықтан бұл арық төмен аталуы мүмкін емес, ешбір мағынаны бермейді, бұл «туманның» орысша «тюмень» аталуынан қазақшаға төмен болып алынуы. Сол себепті тарихи жазба деректерді ескере отырып арықтың ұмытылған тарихи атауы «Туманарық» деп атауымыз керек.

Сығанақ қаласын оңтүстік жағынан су тартылған Туманарықпен суландырса, солтүстік шығыс жағынан Қаратаудан аққан бұлақ суларымен суландырған. Бұл туралы да қаланың көрнекті діни адамдарына берілген куәліктерде Қаратаудан шығатын Мыңбұлақ, Шолақ, Арыстанды, Қызылтал, Келте шалғия сияқты бұлақтардың суын пайдаланып, жер айдап өнім алуға хұқық берілген [6, 313-320]. Және бір ескертілген жағдай олардан ешбір алым-салық алынбауы ескертіліп, той-думан, діни мейрам күндері олардың жақсы дәрежеде күтілуі және ораза, айт күндері сойылып таратылатын

малдың жақсы жерлері жамбас, жілік сүйектерін алуы (беру) қажет екендіктеріне толық мүмкіндік берілген. Қаланың «Төменарықтан» су алатынын А.Якубовский де өзінің «Сығанақ қаласының бұзындылары» деген атақты ғылыми еңбегінде [13] ерекше тоқталып кеткен. Қала аймағындағы «Қарлұқ арығы» қазір «Бұлдырық арығы» аталатын арық және Көктас бұлағынан келетін «Меш» арығынан екі жұп жер суымен бірге Сұлтан Нисамиддин әулетіне тиісті болған. Бұл хабардан қаланың аумағындағы сулы жерлер діни лауазымды адамдарға бөлініп берілген [14].

А.Якубовский жергілікті сунақтармен байланыс жасап, олардан Ескі Төменарықтың станциясынан, су шығаратын құдығынан (водокачки) бір шақырым жерден шығып Ақтөбеге дейін жетіп, одан екіге бөлінетінін, бір тармағы Көкесенеге қарай ақса, екіншісі оңтүстік батысқа қарай Сығанаққа бағыт алатынын жазады [13, 158]. Ғалым Тұманарықтан басқа қаланың аумағын суландыруға Бозғыл өзекеден шығатын екінші бір үлкен арық туралы жергілікті адамдардан біледі. Ол Бозғыл өзек арығының Бозғыл өзек көлінен шығатынын, көлге судың Сыр тасыған кезде құйылып одан арық арқылы қалаға су тартылатынын жазады. Ал көл Төменарық пен Жаңақорғанның арасында Көлден Сығанаққа дейін 30 верст [13, 159]. Алайда бұл арықта су тек Сыр тасыған кезде сәуір, мамыр, маусым айларында ғана болады. Жер суландыруға ең қажетті кез. Бұл кезде егіншілер егістіктерін жетілдіріп алады.

Сонымен қорытындылайтын болсақ, Сығанақтың суландыру жүйесі Отырар қаласының суландыру жүйесіне қарағанда өте күрделі болған. Себебі Отырар Сыр мен Арыс өзендерінің қиылысында және өте жақын тұрған. Ал Сығанақ Сыр бойынан 20-30 шақырым алыс тұрған. Дегенмен зерттеушілер қаланың Сырдан қашықтығын әрқалай жазады. Бұл археологиялық зерттеу кезінде анықталады. Мұндай қашықтыққа қарамастан сығанақтықтар судың басты қорын Сырдариядан алған. Жазба деректермен ғылыми пікірлерде бұл туралы ойдағыдай пікір тудырмайды. Екінші арықтың Сырдан қашан тартылғандығы туралы ешбір дерек айтылмайды. Бұл мәселеде археологиялық жұмыс жүргізілмей анықталуы мүмкін емес. Ол үшін қаланың алғашқы тұрғындарының өмірі қашан басталды? Мұны анықтасақ, сонда арықтың қашан тартылған кезін, шамамен қай мезгілде қазылғанын білуге болады. Бүгінгі таңда сөз болып отырған пікірлер қалаға судың Сырдан тек соңғы ортағасырдың алғашқы кезінде (XIVғ.) тартылғандығы жайлы ғана.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Грошев В.А. Иригация Южного Казахстана в средние века. А.,1985
2. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар А.,1972.
3. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар А.,1972. 207-6
4. Жолдасбаев С. Перспективы охраны и изучения средневекового городища Сыганак //Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 2005 жылғы археологиялық зерттеулер жайлы есеп. Алматы, 2005, 254-257-66.
5. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфажани. Михман наме ий Бухара. Перевод, предисловие и

- примечания Р.П.Джалиловой. Под ред. А.К.Арендса. М., 1976, 116-б.
6. Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков. А.,1969, 317-б.
  7. Смирнов Е.Т. Древности на среднем и нижнем течении р.Сырдарьи //Протоколы Турк.кружка лобит.археологии, 1897 (1896-1897), 2 протокол от 17. II.1897, 1-14-бб.
  8. Каллаур В.А. Древние города Саганак (Сунак), Ашнас или Эшнас (Асанас) в Перовском уезде, разрушенные Чингиз ханом в 1219г// Протоколы Турк.кружка лобит.археологии, 1900 (1899-1900), 5, протокол №1 от 7. II.1900, 9-11-бб
  9. Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-XVIIIвв. М.,1982, 15-16-бб.
  10. Книга Большому Чертежу (Памятник 17 в). Подготовлен к печати и ред. К.Н.Сербиной. М.-Л.,1950, 229с.
  11. Чертежная книга Сибири, составленная тобольским сыном боярским Семеном Ремезовым в 1710г. СПб.,18827
  12. Әбдіқадыр Асқар. Төменарық атауы қайдан шыққан //Сыр бойы, 2002. 9 мамыр.
  13. Якубовский А.Ю. Развалины Сыганака (Сутнака). Сообщения ГАИМК, 1926, вып.2,123-159.
  14. Қарақожаұлы Ш. Сунак ата (Һисамиддин). Астана, «Нұржол», 2003, 67-б.

#### REZUME

##### S.ZHOLDASBAEV (Turkistan) "FOG" DITCH DUG TRIBES FOG IN XIV-XV CENTURIES

This article is devoted to the history of medieval hillfort Syganak irrigation. An analysis of the available sources of opinions allowed the author to name some of the irrigation ditches. It turned out that the name "Tumanaryk", is it not, nor tumen', Tyumen and tömen (in Kazakh). Its original name was "Tumanaryk", because in those days, some XIV-XV centuries, around the site of the Tumancy tribe lived Syganak, who dug aryk. Therefore the aryk and got its name "Fog aryk". Russian explorers called it "Tyumen", while the local Kazakhs "tömen" arykom.

М.М. БАХТЫБАЕВ

В.А.КАЛЛАУР ОБ ИСТОРИЧЕСКОЙ ТОПОГРАФИИ  
ПЕРОВСКОГО УЕЗДА

*Мақалада Археология өуесқойлары Түркістан үйірмесінің мүшесі В.А.Каллаурдың Перовск уезінде атқарған зерттеу жұмыстары, Сырдарияның орта және төменгі ағысында орналасқан ескерткіштерді жазба деректерде кездесетін қалалармен баламалау мәселесі қарастырылған.*

*Bu makalede, Arkeoloji Meraklıları Türkistan Kulübü üyesi V.A.Kallaur tarafından Perovsk ilçesinde yapılan araştırmalar ele alınarak, Sir Deryanın orta ve aşağı kollarında bulunan abideleri yazılı kaynaklarda rastlanan şehirlerle mukabil etme konusu incelenmiştir.*

Среди членов Туркестанского кружка выделявшиеся своей активностью был В.А.Каллаур, внесший неоценимый вклад в изучение исторической топографии Перовского уезда.

В 1898 году В.А.Каллаура переводят из Аулиеата в Перовск в качестве начальника уезда. Его частые поездки по территории Перовского уезда содействовали изучению памятников древности. Он пишет по этому поводу: «Желая принести посильный труд по археологии в новом месте своего служения, в Перовском уезде, на первых же порах я стал собирать сведения о местах нахождения развалин древних городов и оседлых местностей по р.Сыр-Дарье в пределах Перовского уезда, ознакомившись с доступными мне источниками по этому предмету [1, 6].

В 1900 году на страницах протоколов была опубликована статья В.А.Каллаура «Древние города Саганак (Сунак), Ашнас или Эшнас (Асанас) и другие в Перовском уезде, разрушенные Чингис-ханом в 1219 году» [1, 6-16], в которой он дает краткое описание развалин городищ Сыганак, Бестамак, Асанас, Кышкала.

Пользуясь служебной поездкой в селение Скобелево, В.А.Каллаур 12 мая 1899 года посещает развалины древнего Сунак-Ата (Сыганак), которое располагалось в 18 км восточнее села.

В.А.Каллаур дает краткое описание городища, где сообщает, что крепость Сунак состоит из двух укреплений - внутреннего, имеющего в окружности 540 саженей, которое представляет из себя цитадель, и самой крепости. Крепостные стены цитадели хорошо сохранились в некоторых местах более 3 саженей высотой. Внутри цитадели хорошо заметны улицы и места бывших построек, а также следы построек между стенами цитадели и крепости. Вне крепости видны следы загороженных мест для дворов, караван-сараяв и много глинобитных построек с уцелевшими еще стенами, разбросанных на большое пространство [1, 9]. Так же В.А.Каллауром глазомерно был снят план городища Сыганак.

В.А.Каллаур анализируя сообщение Н.Лыкопина, что остатки Сыганака были открыты П.И.Лерхом к востоку от Джулека, отождествляет городище Сунак ата со средневековым городом Сыганак, предполагая, что название Сунак-Ата городище получило в позднейшее время [1, 11].

Исследовав целую сеть арыков сохранившихся вокруг городища В.А.Каллаур пишет: «Город Саганак орошался водой, проведенной из реки Арыса, так как в то время река Сыр-Дарья шла по Кызыл-кумам. Над арыком из реки Арыса работало 10 т. человек, почему он назван Тюмень-Арык, имя которого носит почтовая станция. Остатки от прежнего арыка сохранились: в Яны-кургане – Назар-арык, которым пользуются жители рода сунак, около станции Тюмень-Арык и между ними Кара-Куль-арык. Но в настоящее время вода в арыки идет только из чигирей» [1, 10]. Он ошибочно предполагал, что канал Тюмень-арык (канал Сунак ата) берет начало из реки Арысь.

В 2009 году Сыганакская археологическая экспедиция научно-исследовательского центра Археологии Международного казахско-турецкого университета им. Х.А.Ясави (руководитель д.и.н. С.Ж.Жолдасбаев) с целью изучения ирригационных сооружений средневекового городища Сыганак произвело разведывательные работы в промежутке между станцией Томенарык и городищем Сыганак. В ходе исследования были выявлены следы канала орошавшего средневековое городище Сыганак и его округу, определены географические координаты устья канала [2, 53-59].

Городище Сыганак значится в реестре Археологической карты Казахстана под № 3342 [3, 228] и под № 99 в Своде памятников истории и культуры Кызылординской области [4, 167-168]. Городище расположено в 2 км к северо-западу от села Сунак ата. Памятник был обследован в 1927 г. А.Ю.Якубовским [5, 123-159], в 1947 г. ЮКАЭ (А.Н.Бернштам), в 1970 г. ОАЭ (К.А.Акышев), в 2003-2011 гг. САЭ (С.Ж.Жолдасбаев).

На момент исследования ЮКАЭ городище Сыганак представлял собой неправильный многоугольник [6, 86], со сторонами 275x175x190x175x320 м, окруженное земляным валом высотой 6-7 м. С трех сторон к шахристану, за исключением восточной части, примыкает остатки рабада размерами 250x650x350 м [7, 96].

А.Н.Бернштамом был снят план городища. Он опираясь на план городища и письменные источники утверждал, что городище было воздвигнуто огузами, а началом поселения являлось кангюйское стойбище [6, 86].

Начиная с 2003 года на городище Сыганак проводятся стационарные исследования Сыганакской археологической экспедицией (С.Ж.Жолдасбаев). САЭ-ей в 2003-2008 годы были заложены раскопы № 1-4. А с 2009 года исследования на городище проводят в рамках государственной программы «Культурное наследие». В 2009-2011 гг. были заложены раскопы №5-11 [8]. Снять топографический план городища.

Стратиграфический разрез (раскоп №6) был заложен в северо-западной части городища. При раскопе было вскрыто шесть строительных горизонта (I-XVII яруса), нижний слой которого датируется кон. XIII - нач. XIV вв.

Е.И.Агеева и Г.И.Пацевич анализируя собранный на городище подъемный материал пришли к выводу, что наибольший расцвет жизни



города приходится на V-VIII вв., затем роль города падает и вновь поднимается в XII-XIV вв. [7, 97]. В Своде памятников истории и культуры Кызылординской области городище Сыганак датируется VI-IX вв., а последние исследования САЭ дают иную датировку - кон. XIII - нач. XIV – XVIII вв. [8]. До сих пор не вызывавшего сомнения локализация Сыганака «домонгольского времени» в этой связи остается открытым, был ли он на этом месте или его нужно искать в другом месте.

13 июня 1899 г. В.А.Каллаур посетил крепость Биш-Там (Бестам) расположенный в 20 верстах к северу от села Скобелева. По его описанию крепость Бестам состоит из цитадели, в окружности 108 саженей, и крепостного вала, в окружности около 400 саженей. Земляные валы цитадели довольно хорошо сохранились и местами более 3-х саженей высоты [1, 13]. Им был снят план крепости.

По поручению В.А.Каллаура местный житель А.Ниязов проследил след арыка (канала) орошавшего округу Бестама. А.Ниязов сообщил, что со стороны правого берега реки Сыр-дарьи от могилы Кокумбая, что на Алагуль-Бозгуль, ниже прежнего водного бассейна (арыка) имеет направление на Кок-Кесене, Сунак, Биш-Там и Коп-Рабат. До Сунака арык хорошо виден, а ниже Сунака до Биш-Там занесен песком, хотя различить его можно с трудом. От Биш-тама к Коп-рабату, ниже в 3-х верстах, снова арык хорошо заметен и носит название Нан-Сай (хлебный сай) [1, 13].

Городище Бестам расположенное в 5 км севернее от села Жиделиарык был осмотрен в 1907 г. топографом В.П.Нехорошевым, обследован в 1946 г. ХАЭЭ (С.П.Толстов), в 1966-67 гг. ЖАЭ (К.А.Акишев, К.М.Байпаков), в 1982 г. отрядом археологической экспедиции КазГУ (М.Елеуов). Бестам значится в реестре Археологической карты Казахстана под № 3323 [3, с.347] и под № 83 в Своде памятников истории и культуры Кызылординской области [4, с.347]. В статье «Городище Бестам» ошибочно констатируется, что городище было открыто В.П.Нехорошевым.

В 1967 г. ЖАЭ (К.А.Акишев, К.М.Байпаков) и в 1982 году отрядом археологической экспедиции КазГУ (М.Елеуов) были сняты план городища.

Цитадель в плане подквадратной формы размерами сторон 95х95 м, ширина крепостной стены у основания 10-12 м, высота 1,5-2 м. По углам и в центре каждой из сторон имеются остатки башен, высотой 0,5-1 м, выступающие от стены наружу на 5-12 м.

На городище первые раскопки были произведены краеведом А.Амировым в 1967 году, а в 1982 году М.Елеуовым были заложены разрезы на крепостной стене (вал) цитадели и на сохранившейся части внешнего вала, и вскрыта одна из башен. Городище датируется X-XIV вв. [4, 348].

Согласно письменным источникам после Сыганака Джучи хан занял города Узгент, Бархалигкент, Асанас и Дженд. В.А.Каллаур анализируя свидетельство Джувейни и сопоставляя его с расположениями городищ, пришел к выводу, что древний город Ашнас, несомненно, соответствует

развалинам города, носящим название Асанас, а с именем Узгент имеются развалины двух городов: Кыргы-Узгент по самому южному старому руслу Сыр-Дарьи, известному под именем Угуз-Джилгасы и Ишке-Узгент по берегу северного (среднего) сухого русла реки Сыр-Дарьи [1, 14]. На левом берегу реки Сыр-Дарьи против города Перовска, в верстах 25-30, имеются развалины древнего города Кыс-Кала (Кыш-кала), на урочище Тумар-Уткуль, в верстах 4-х от местности Хан. В.А.Каллаур отождествляет Джент с городищем Кыш-кала [1, 16].

12 августа 1899 г. В.А.Каллаур осматривает городище Асанас, по его описанию, данный памятник расположен на левой стороне реки Сыр-Дарьи в низовьях арыка Ак-арык, в верстах 25-ти от реки Сыр-Дарьи, а от станции Бер-Казан в 30-ти верстах. Крепость с сохранившимися крепостными стенами, высотой местами до 20 шагов и шириною в верхней части до 15 шагов. Крепость эта имеет в окружности до 2-х верст, в ней было пять ворот: с южной стороны два, а с прочих по одной. В юго-западном углу крепостного вала были строения из жженого кирпича.

В этот же день В.А.Каллаур обнаружил и дал краткое описание укреплений расположенных вблизи городища Асанас. В одной версте западнее от городища расположено укрепление с земляным валом, размером 300х300 шагов. В восточной части крепости, имеется возвышенность, служившая или цитаделью, или это развалины здания. В 2-х верстах еще западнее имеется четырехугольное укрепление Ак-Тюбе, размером 200х200 шагов, а внутри его имеется четырехугольная возвышенность, примыкающая к одному из фасов, длиною 70 шагов и шириною 60 шагов. Высота его от основания до середины вершины 55 шагов. А в 2-х верстах восточнее от городища расположено четырехугольное укрепление, длиною две стороны по 200 шагов и две других по 185 шагов [1, 15].

Городище Асанас расположено в 48 км на юго-востоке от города Кызылорды, в 8 км на юго-западе от села Айдарлы. Городище было обследовано в 1960-1961 гг. ХАЭЭ (С.П.Толстов), в 1968 г. археологическим отрядом ХАЭЭ (Н.Н.Вактурская), в 1989 г. совместной экспедицией Исторического факультета Кызылординского педагогического института и археологическим отрядом ИИАЭ АН КазССР (П.Каратаев), в 2002 г. экспедицией Кызылординского государственного университета им. Коркыт ата (Т.Мамиев).

В исторической литературе Асанас считался городом, построенным согдийскими торговцами. С.П.Толстов обследовав городище Асанас выдвинул иную гипотезу о постройке города, он пишет: «Вопреки этому мнению итоги нашего обследования свидетельствуют, что Асанас был городом, построенным теми же местными присырдарьинскими полуоседлыми племенами, которые воздвигали в раннем средневековье своеобразные укрепленные торгово-ремесленные города в бассейне Инкар-Дарьи. Это подтверждают и характерная планировка городища, и многие

черты фортификации, в особенности же подъемный керамический материал» [9, 282].

В 1968 г. археологическим отрядом ХАЭЭ (Н.Н.Вактурская) было заложено два стратиграфических раскопа, первое, в 75-80 м западнее и вторая в 20-25 м северо-западнее цитадели. Первый раскоп размером 3x4 м и глубиной 1,9 м вскрыл два строительных горизонта, найденное в них керамический комплекс датируется XII-XIV вв., а второй раскоп вскрыл пять строительных горизонта. Вскрытый керамический комплекс нижних двух слоев датируются VII-IX вв. По результатам обследования Н.Н.Вактурская пришла к выводу, что город Асанас существовал в тот же период, что и «болотные города» и жизнь в нем замирает к XV в. [10, 127-132].

Деятельность В.А.Каллаура по локализации городов и поселений, расположенных в долине реки Сырдарья было продолжено и в последующие годы. С 3-го по 8-е апреля 1900 г. и с 23 по 27 апреля 1901 г. В.А.Каллаур осмотрел развалины древних городов, крепостей и курганов, находящихся в Сауранской, Приречной и других волостей Перовского уезда.

На левом берегу реки Сыр-Дарья В.А.Каллаур осмотрел и дал краткое описание памятников Мийрам (Мейрам), Ак-Курган, Абыз-Тюбе (Кутликент), Ишки-Узгент (Сырги-Узгент), Балапан-Тюбе, Узгент (Кыргы-Узгент), Тубесы-Оюк (Касым-Ата), Курасан-Ата (Хорасан-Ата), Баксаис-ата, Алгыр-Салгыр и Мулла-курган, а на правом берегу - Урдакента (Ордакент), Ак-тюбе, Кызыл-кала [11, 70-75].

В.А.Каллауром лично были сняты планы городищ Мейрам, Ак-Курган, Балапан-Тюбе [12, 77-б., 4,6,8 сурет.], а чертежи развалин Алгыр-Салгыр и Мулла-курган были составлены Мингли Ходжиным, план Ордакента был составлен переводчиком Турмухаммед Джайлибаевым. По указанию В.А.Каллаура Турмухаммед Джайлибаевым была составлена карта памятников древностей в масштабе 8 верст на дюйм [11, 75].

В.А.Каллаур в сообщении о следах древнего города Дженд и о кургане Сырлы-там пишет, что в Кызыл-кумах имеется сухое русло реки, под названием Баршин-Дарья, по которому находятся развалины древних городов Узгента и Сырлы-там. По его мнению, сухое русло реки ниже Узгента, где расположен Сырлы-там, имеет название Баршин-Дарья и возможно, что прежде река Огуз-Джылгасы называлась Баршин-Дарьей на всем протяжении [11, 76].

В.А.Каллаур анализируя исторические источники, пришел к выводу, что Джучи-хан после разрушения Сыганака отправился в Узгент, затем в Бархалыкент, Ашнас и Дженд, следовательно, Бархалыкент должен быть ниже Узгента и по пути в Асанас. В.А.Каллаур ссылаясь на сочинение В.В.Бартольда, где Бархалыкент, пишется, как Барчинлыгкент он высказал мнение, что сухое русло от Узгента до Сырлы-тама и далее имеет древнее название Баршин-Дарья, что может произноситься также «Барчин-Дарья», то Барчинлыгкент должен находиться на реке Барчин-дарье, именем которой

назывался. Опираясь на этот вывод, В.А.Каллаур отождествляет Барчинлыгкент с развалинами Тубесы-оюк (Касым-Ата) [11, 77].

Проанализировав сведения о присырдарьинских городах существовавших в низовьях реки Сырдарьи до монгольского нашествия, приведенные в работе В.В.Бартольда «Туркестан в эпоху монгольского нашествия» В.А.Каллаур задался целью произвести разыскания и исследовать, не принадлежат ли некоторые из них имеющиеся в пределах Перовского уезда развалинам. В работе В.В.Бартольда приводятся сведения о памятниках расположенных за Саураном, это - 1) укрепленный город Турар и в его волости селение Зерах, вследствие чего этот город иногда носил название Турар-Зерах, 2) богатый и укрепленный город Шагльджан, 3) небольшой город Баладж, и 4) большой город Берукет, 5) недалеко от Яныкента и Дженда – Хувара, из менее значительных пунктов: 6) Сагдере на берегу Сыр-Дарьи, в 20 фарсах от Дженда, 7) Хайрабат в окрестностях Дженда, 8) Рабат-туганин одно из главных селений в окрестностях Барчылыгкента [13, 59].

В.А.Каллаур по расспросам местных жителей собрал сведения о развалинах следующих древних населенных пунктов:

По древнему руслу большого арыка (канала) Чийли:

1) Кызыл-кала - по словам почетного киргиза А.Ниязова, имеет еще другое название Шегедек-курган;

2) Кара-уйнын-актюбесы. Это старая и разрушенная крепость (курган), от которой осталась высокая горка. Она находится в 10 верстах от Джулека к Скобелеву и в 3-х верстах от дороги;

3) Окше-ата – развалины древнего города. По сообщению А.Ниязова, судя по развалинам и массе жженого кирпича, оставшегося от разрушенных зданий, - это был городок большой; он находится в 7-ми верстах от Джулека.

По левому берегу Сыр-Дарьи Келин-тюбе – большой курган по Келин-арыку, по правому берегу Сыр-Дарьи: Шорнак – находится в верстах 13-ти за Саураном и в верстах 2-х к реке Сыр-Дарьи, Сидак - против Копмизгиля, в 1,5 верстах от дороги к реке Сыр-Дарье, Шахрабат и Коп-рабат на севере от Джулека в 40 верстах.

В Кызыл-кумах - Сырлы-Там.

По р. Яны-Дарье развалины: Джан-кала, Кум-кала, Чавек-кала, Бузук-кала, Чирик-кала, Чиркрабат, Каракалшак [13, 60-62].

По описанию В.А.Каллаура Коп-рабат расположен в 40 верстах севернее Сарычаганак и в 80 верстах от озера Кум-куль. По поручению В.А.Каллаура развалины Коп-рабата осмотрел местный объездчик Губанов. Все рабаты развалились и представляют из себя кучи жженого кирпича. Восточный из них носит название Муртук-рабат. Следующий от него на запад в 1,5 верстах, Кос-рабат состоит из двух куч жженого кирпича. Западнее еще в одной версте, есть развалины башни из жженого кирпича.

На левом берегу реки Чиркейли, составляющей начало Куван-дарьи,

находятся развалины Кос-асар. Кос-асар находится в 35 верстах от Перовска, в Чаганской волости, по восточной стороне озера Дала-куль. Он представляет из себя два возвышенных холма, в расстоянии 200 сажень, один от другого. Холмы эти в виде четырехугольника, и каждый из них имеет в окружности 1000 шагов.

В.А.Каллаур сопоставив собранные данные, приходит к выводу, что отождествление Рабатата с Рабат-туганином помещенным в окрестностях Барчинлыгкента сомнительно. Он предложил иную, отличный от ранее выдвинутого варианта. Так, В.А.Каллаур отождествляет Рабатат с Коп-рабатом, а Рабат-туганин с Шахрабатом [13, 63]. Он пишет по этому поводу, что надо полагать, что Рабат-туганин должен быть на левом берегу Сыр-Дарьи и что Рабат есть другое селение, с ними не тождественное, а другое, существовавшее, где теперь Коп-рабат [13, 64].

Проанализировав данные из книги В.В.Бартольда, В.А.Каллаур пишет, что Турар-Зерах находится за Саураном, но где – на юге или на западе от него, и на каком берегу Сыр-Дарьи, не упомянуто. По этому поводу он отождествляет Турар-Зерах если они расположены на правом берегу Сырдарьи с развалинами Шорнак и Сидак, а если они находятся на левом берегу Сыр-Дарьи то с развалинами Ак-курган и Келин-тюбе. А города Шагильджан, Баладж и Берукет отождествляет соответственно с развалинами Мийрам, Кумьян, Алгыр-Салгыр или Мулла-курган [13, 64].

Хувара, как сказано, находился недалеко от Яны-кента и Дженда, а Хайрабат – в окрестностях Дженда. Для определения местонахождения этих городов необходимо точное определение, где именно были города Яныкент и Дженд. В.А.Каллаур в сообщении писал, что город Дженд отождествляется с развалинами Кыш-кала, следовательно, Яныкент должен быть недалеко от развалин Кыс-кала, принимаемых мною за Дженд [13, 64].

В.А.Каллаур сопоставляя данные, приведенные в трудах В.В.Бартольда, Е.Александрова [14, 57-62] и П.И.Лерха [15] о городе Яныкенте пришел к заключению, что с именем Яныкент было два города: один из них по Сыр-Дарье крайний, описанный П.И.Лерхом, а другой должен быть на юге от Сыр-Дарьи по Яныдарье. В.А.Каллаур отождествляет Яныкент с развалинами Джанкалы расположенное на Яныдарье (Жанадарье) [13, 68].

В.А.Каллаур исследовав расположения и расстояния между собой Дженда, Джанкалы, Сырлы-тама, Кум-калы и Сагдере приходит к выводу, что города Хувара и Хайрабад тождественны развалинами Кум-кала и Сырлы-там, а Сагдере тождествен Турткулю расположенного на левом берегу Сырдарьи в 25 верстах от Кармакчи [13, 68].

